

Тексерілді: Уралина Г.Б.  
Әдіскер: Уразалина Г.Б.

Бекітемін: Курманова Л.Б.  
менгеруші: Курманова Л.Б.

## *Тәуелсіздік жетістіктері*

*(Танымдық іс әрекет. Ересек «Балапан» тобы)*

Тәрбиеші: Досова А.Б

Қыркүйек 2021ж

## Тәуелсіздік жетістіктері.

Мақсаты: Балаларға еліміздің тәуелсіздік алғалы жеткен жетістіктерімізбен таныстыру, 1-қыркүйек – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған отанына, балабақшасына сүйіспеншілік сезімін ояту. Байланыстырып сөйлеуге, жұмбақ мақал-мәтелдерді таба білуге үйрету.

Көрнекі-құралдар: Қазақстан Республикасының рәміздері, суреттер.

Әдіс-тәсілдер: АКТ көрнекілік, сөздік, үлестірмелі суреттер, сұрақ-жауап.

Шаттық шеңбері:

Күндей болып күлеміз,

Гүлдей болып өсеміз.

Құстай болып ұшамыз,

Көбелектей қонамыз.



Тәрбиеші: Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі оқу қызметіміз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналған. Және де биыл тәуелсіздігімізге 30 жыл болады. Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. Ол бүгінде дүние жүзінің көптеген елдермен достық байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге айналды. Біз өзіміздің Әнұранымызбен, Туымызбен, Елтаңбамызбен басқа елдерге мақтаныш етеміз.

1-ші қыркүйек күні барлық балалбақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Бұл күн оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, басқа да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).

Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.

Ендеше бүгін Білім күні мерекесін сиқырлы пойызда атап өтеміз бе?

Әр аялдамада пойыз тоқтап сендер түрлі тапсырмаларды орындайсыңдар. Тапсырманы дұрыс орындасандар пойыз әрі қарай жүреді. Ал, дайынсыңдар ма? Ендеше кеттік! (Балалар пойызбен жүреді)



1 аялдама «Отан»

Қазақстан Республикасының рәміздерін атаңдар  
(балалардың жауабын тыңдау)

Тәрбиеші: Дұрыс, әнұран, елтаңба, ту.

Ән ұранды айтады

Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?

Балалар: Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.



Тәрбиеші: Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев

Тәрбиеші: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қала?

Балалар: Қазақстан Республикасының елордасы Нұрсұлтан қаласы.

Тәрбиеші: Өте жақсы балалар. Айтындаршы, біз қай қалада туып, өмір сүріп жатырмыз?

Балалар: Біз Ақтөбе қаласы Бестамақ ауылында туып, өмір сүріп жатырмыз.

Тәрбиеші: Балалар, айтындаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?

**2 аялдама «Суреттер сөйлейді»**



**Суретке қарап әңгімелеп бер.**

**3 аялдама «Білім»**

Назым

Білім - менің ертеңім

Өсу үшін өркенім

Жүзем оқу - айдында

Жайып білім желкенін

Ерғали

Қиындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

Нұрдәулет

Балабақша есігін

Үшке тола ашқанбыз.

Балапандай мәпелеп,

Өсірді бізді бақшамыз.

Нұрбек

Білім ғана көтерер

Биігіне адамды.

Көзін ашып үйретер,

Жақсы менен жаманды.

Шахназ

Ерінбеймін, есептеймін,

Санды- санға қосамын.

Бару үшін мектепке,

5 жасты МЕН тосамын.



#### 4 аялдама «Жұмбақтар» деп аталады.

1. Ұшымен қазық Тор көзді жазық.  
Үстіне өттім, Асыл сөз жазып. (Дәптер)
2. Қабы сояу, Діні – бояу. (Қарындаш)
3. Ойларыңды ансаған, Асыл сөзді ақ алаңға,  
Түсіруден шаршаған, Мен емеспін әманда. (Қалам)
5. Бөлінгенді табыстырып, Біріктірсе қабыстырып.  
Жымдастырған жігіт де, Байқамайсың түгін де. (Желім)
6. Жұқа тақтай бөлшегі, Ұзындықтың өлшемі. (Сызғыш)
7. Оқу - білім аспабы, Қоймасының бас қабы.  
Бөлмесі де бірнешеу, Тиегі бар ашпалы. (Сөмке)

#### Сергіту сәті. Видеомен



#### 5 аялдама «Жалғасын тап»

- Отан от басынан басталады. Отан оттан да ыстық,  
Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.  
Отансыз адам — ормансыз бұлбұл. Ілім – бұлақ Білім - шырақ.  
Оқусыз білім жоқ, Білімсіз күнің жоқ.  
Алтын алма, білім ал.

#### 6 аялдама «Ойын» деп аталады

Қазір біз “Ал мектепте...” деген ойын ойнаймыз. Мен балабақшада балалардың не істейтінін айтамын, ал сендер мектепте не істейтіні туралы жауап бересіңдер.

Балалар хормен жауап береді:

- Балабақшада — тәрбиеші, ал мектепте кім? (Мұғалім)
- Балабақшада сендерді балалар дейді, ал мектепте ? (оқушылар)
- Балабақшада — үстел, ал мектепте ? (парта)
- Балабақшада — топтар, ал мектепте ? (сынып)
- Балабақшада — оқу іс-әрекеті, ал мектепте ? (сабақ)
- Балабақшада — меңгеруші, ал мектепте ? (директор)
- Балабақшада сендер ойнайсыңдар, ал мектепте не істейді? (оқиды)

#### Ойын: «Оқу құралдарын тап»

Шарты: балаларға оқу құралдарымен ойыншықтар суреті беріледі. Ішінен оқу құралдарын табу керек.



Қорытынды. Сұрақ жауап

Балалар бүгін пойызбен жақсы серуенделдік. Сұрақтарға жақсы жауап бердіңдер. Мен сендерге рахмет айта отырып күндей жалдырап жүрсін деп күн сыйлаймын.